

Жоюдың кедендік режимі туралы Ереже

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің Бұйрығымен бекітілген 1995 жылғы 14 қарашадағы N 130. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрілігі Кеден комитетінің 1999 жылғы 2 желтоқсандағы N 596-б бұйрығымен. ~V990997

I. Жалпы ережелер

1.1. Жою - кеден баждарын, қосымша құнға салықты, алуы кеден органдарына жүктелген басқа да салықтарды алусыз, сондай-ақ экономикалық саясат шараларын (квоталау, лицензиялау т.т.б.) қабылданбай-ақ оларды пайдалануға қолайсыз күйге келтіруді қосқанда шетелдік тауарлар мен көлік құралдары жойылатын кеден режимі.

1.2. Кедендік жою режиміне тауарлар мен көлік құралдарын орналастыруға кеден органының рұқсатымен жол беріледі.

1.3. Тауарлар мен көлік құралдарын жоюды мүдделі адам өз есебінен жүргізеді және мемлекетке ешқандай шығынын тигізбейді.

1.4. Жоюдың кедендік режимі туралы мәлімдеудің заңдылығы үшін, сондай-ақ осы режимнің шарттарының сақталуы үшін тауарларды өткізетін адам немесе көлік құралдарына қатысты тасымалдаушы кеден органдары алдында жауап береді.

2. Жоюдың кедендік режимін пайдаланудың шарттары

2.1. Жоюдың кедендік режимімен:

а) Қазақстан Республикасы кеден шекарасын іс жүзінде кесіп өткен, әкелінетін шетелдік тауарлар мен көлік құралдары

б) Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінген және транзит, кеден қоймасы, бажсыз сауда дүкені, кеден бақылауымен ұқсату, уақытша әкелу, еркін кеден аймағы, еркін қойма, реэкспорттың кеден режимдерімен орналастырылған шетелдік тауарлар мен көлік құралдары, сондай-ақ шартты түрде шығарылған тауарлар орналастырылады.

2.2. Жоюдың кедендік режимімен:

- Қазақстан Республикасына әкелуге тиым салынған тауарлар мен көлік құралдарын;

- Қазақстан Республикасы мен шетелдердің халықтарының көркемдік, тарихи және археологиялық игіліктері болып табылатын заттарды;

- жойылу қаупінде тұрған жануарлар мен өсімдіктердің, бөлімдері мен туындыларының түрлерін орналастыруға болмайды.

2.3. Кеден органы тауарлар мен көлік құралдарын жоюдың кедендік режимімен орналастыруға:

- а) тауарлар мен көлік құралдарын жою қоршаған ортаға айтарлықтай зиян келтіретін болса;
- б) тауарлар мен көлік құралдарын жою мемлекеттің шығындануына әкеліп соғатын болса немесе мүмкін болса;
- в) кеден органының тауарлар мен көлік құралдарының іс жүзіндегі жойылуына бақылау жасауға мүмкіндігі болмаса;
- г) кеден органының бұған жеткілікті негіздемелері бар өзге де жағдайларда рұқсат бермейді.

2.4. Тауарлар мен көлік құралдарын жоюдың кедендік режимімен орналастыруға жоюдың нәтижесінде тауарлар мен көлік құралдары өздерінің бастапқы тұтыну қасиеттерін немесе коммерциялық құнын толық жойып алатын жағдайда жол беріледі.

2.5. Жою: а) нәтижесінде тауарлар мен көлік құралдары толық жойылатын термикалық, химиялық, механикалық не өзгеше ықпал ету (күйдіру, бүлдіру, көміп тастау т.б.) жолымен;

б) тесік салу, жырту, өзге әдістермен зақым келтіруді қосқанда осындай зақым келтіру тауарлар мен көлік құралдарының одан әрі қалпына келтірілуін және оларды бастапқы күйінде пайдалануға мүмкіндік бермейтін бөлшектеу, ажырату, механикалық зақым келтіру жолымен жүргізіледі.

2.6. Тауарлар мен көлік құралдарын жою Қазақстан Республикасының қоршаған табиғи орта туралы заңдарының талаптары орындала отырып, жүргізілуі тиіс.

2.7. Тауарларды жою салдарынан пайда болған қалдықтар кеден бақылауындағы шетелдік тауарлар ретінде тиісті кеден режиміне орналастырылуы тиіс.

2.8. Кеден органдары жоюдың кедендік режимін пайдаланумен байланысты қандай да бір шығыстарды өтемейді.

3. Жоюдың кедендік режимімен орналастырылатын тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу

3.1. Жоюдың кедендік режимімен орналастырылатын тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу:

- транзиттің кеден режимін, сондай-ақ шартты түрде шығарылған тауарларды қоспағанда Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінген және осы Ереженің 2.1. тармағының "б" тармақшасында көрсетілген кеден режимімен

орналастырылатын тауарларға қатысты таңдалынған кеден режиміне сәйкес осындай тауарларды адамның қарамағына берген кеден органы;

- көлік құралдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінетін тауарларға және кеден бақылауымен жеткізу ережелеріне сәйкес транзиттің кеден режиміне орналастырылған немесе өткізілетін тауарларға қатысты қызметінің аймағында осындай көлік құралдары немесе тауарлар бар кеден органы жүргізеді.

3.2. Жоюдың кедендік режимімен орналастырылатын тауарлар N 1 Қосымшамен белгіленген тәртіппен кеден жүк декларациясын және тауарларды өткізетін адамның мәлімдемесін кеден органына көрсету жолымен жария етіледі. Мұндай мәлімдеме N 2 Қосымшада келтірілген нысан бойынша жасалынады.

3.3. Кеден органына кеден декларациясымен бірге бір мезетте тауарлар мен көлік құралдарына жүк және тауарды алып жүру құжаттары (үстеме жол құжаттары, коносаменттер, шот-фактуралар т.б.), сондай-ақ кеден ресімдеу мен кеден бақылауын жүргізуге қажетті өзге де құжаттарды көрсетеді.

3.4. Тауарлар мен көлік құралдарын жою қоршаған табиғи ортаға айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін деген негіздеме бар жағдайда кеден органы Қазақстан Республикасының қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы заңдарына сәйкес арнайы уәкілдігі бар экологиялық бақылау органдарының қорытындысын көрсетуді міндеттеуге құқылы.

3.5. Тауарлар мен көлік құралдарын жою зиянды, барынша қауіпті, ерекше улы немесе радиоактивтік қалдықтарды шығару, тастау, орналастыру, жайғастыруға байланысты қиындыққа әкеліп соғатын жағдайда мұндай жою Қазақстан Республикасының қоршаған табиғи орта саласында бұған арнайы уәкілдігі бар мемлекеттік органдарының және санитарлық-эпидемиологиялық бақылау мекемесінің рұқсатымен ғана жол беріледі.

3.6. Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік жою режимімен орналастыруға рұқсат беру туралы шешімді Қазақстан Республикасының арнайы нормативті актілерімен басқаша белгіленбесе, кеден органының бастығы немесе оны ауыстыратын адам қабылдайды. Мұндай рұқсат N 2 Қосымшада келтірілген мәлімдемеде "Жою рұқсат беріледі" деген жазу жасау жолымен ресімделеді және аталған адамның қолымен куәлендіріледі.

3.7. Кедендік жою режимімен орналастырылатын тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу үшін Қазақстан Республикасының валютасымен тауарлардың кедендік құнының 0,2 проценті мөлшерінде кеден алымдары алынады.

Кедендік жою режимімен орналастырылатын көлік құралдарын кедендік ресімдеу үшін Қазақстан Республикасының валютасымен көлік құралының әр бірлігіне 15 АҚШ долларына тең сомада, бірақ олардың кедендік құнының 0,1

процентінен аспайтын мөлшерде кеден алымдары алынады.

4. Қорытынды ереже

4.1. Тауарлар мен көлік құралдарын жою кедендік бақылаумен жүргізіледі.

4.2. Тауарлар мен көлік құралдарының іс жүзінде жойылуы туралы акт N 3 Қосымшада келтірілген нысан бойынша жасалынады. Кеден органының келісімімен осындай актіде туралы акт N 3 Қосымшада келтірілген нысанда көрсетілген барлық мәліметтер қамтылатын болса, белгіленген актінің нысанынан ауытқуға жол беріледі. Аталған актіге тауарларды өткізетін адамның уәкілдігі бар өкілі не тасымалдаушы, тауарлар мен көлік құралдарының іс жүзінде жойылуы кезінде қатысып отырған өзгеде адамдар қол қояды.

4.3. Тауарларды өткізетін адам немесе тасымалдаушы көлік құралдарына қатысты осы Ереженің 4.2. тармағында көрсетілген актіні кеден органына осы кеден органы белгіленген мерзімде ұсынуға міндетті.

4.4. Кеден органы тауарлар мен көлік құралдарын жою тек қана кеден органының лауазымды адамының қатысуымен жүргізілуі мүмкін екендігін анықтауға құқылы.

4.5. Жоюдың салдарынан пайда болған барлық қалдықтар кеден бақылауындағы шетелдік тауарлар ретінде кедендік ресімдеуге жатады.

4.6. Тауарларды жоюға рұқсат берген кеден органы қалдықтарды кедендік ресімдеудің орнын анықтайды.

Кеден органы қалдықтардың уақытша сақтау қоймасына орналастыруға жататынын анықтауға құқылы.

4.7. Қалдықтар болып табылатын тауарларды шығару не таңдалынған

кедендік режимге сәйкес адамның қарамағына оларды беру кеден заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

4.8. Қалдықтар:

- кедендік құны 20 АҚШ долларынан аспаса;
- оларды одан әрі пайдалану осындай қалдықтар көмілгендіктен не көмуге жататындықтан мүмкін болмаса;

еркін айналым үшін шығарудың кедендік режиміне қатысты кедендік ресімдеуге жатады. Бұл ретте кедендік ресімдеу үшін кеден баждары, салықтар және кеден алымдары алынбайды, ал мәлімдеу мәлімдемедегі (N 2 Қосымша) және актідегі (N 3 Қосымша) қалдықтар туралы мәліметтерді көрсету жолымен жүргізіледі.

Жоюдың кедендік режимі

туралы Ережеге
N 2 Қосымша

(кеден органының атауы)

(адамның аты-жөні, мекен-жайы)

Өтініш

(тауарлардың немесе көлік құралдарының атауы, саны,

орналасқан жері)

жоюға рұқсат беруіңізді сұранамын.

Жоюдың тәсілі _____

Жоюдың орны _____

Жоюдың күні _____

Жоюдың салдарынан пайда болған қалдықтар _____

(атауы мен саны (сандық анықтау мүмкін боларлық жағдайда)

Жою туралы актіні 199 ж " ____ " _____ дейін беруге
міндеттенемін.

(жетекшінің не уәкілдігі
бар өзге адамның қолы, жеке
тұлғаның қолы)

М.О.

199__ж " __ " _____

Жоюдың кедендік режимі
туралы Ережеге
N 2 Қосымша

(кеден органының атауы)

Жою туралы
АКТ

Төменде аталынған адамдардың қатысуымен тауарлар мен көлік
құралдарын жою жүргізілгендігі туралы осы акт 199__ж
" __ " _____

(атауы, жекелей белгілері, саны (өлшемі, салмағы т.б.),

_____ жасалынды.

жоюдың тәсілі мен орны)

Жоюдың салдарынан: _____

(қалдықтардың атауы, жекелей белгілері,

_____ саны (өлшемі, салмағы т.б.),

пайда болған қалдықтар.

Жою кезінде:

_____ (жою кезінде қатысқан адамдардың лауазымы)

_____ ҚОЛЫ

_____ ҚОЛЫ

_____ (Жоюдың кедендік режимімен тауарлар мен
көлік құралдарын орналастырған уәкілдігі
бар өкілдің лауазымы, аты-жөні)

_____ ҚОЛЫ

(кеден органы лауазымды адамның лауазымы,
аты-жөні)

ҚОЛЫ

М.О.

Жоюдың кедендік режимі
туралы Ережеге
N 1 Қосымша

Тауарларды кедендік режимімен
орналастыру кезінде кедендік
жүк декларациясын толтырудың
Ережелері

Тауарларды кедендік режимімен орналастыру кезінде кедендік жүк декларациясының:

1, 3, 4, 5, 6, 9, 12, 14, 15, 15а, 16, 22, 23, 28, 31, 32, 33, 34,
35, 37, 38, 40, 41, 44, 45, 47, 54, А, Б бағандары толтырылады.

Кеден органының лауазымды адамы 7, С және Д бағандарын толтырады.

3, 4, 5, 6, 7, 12, 14, 15, 15а, 16, 23, 31, 32, 33, 34, 35, 37, 38, 40, 41, 47, 54, А, Б, С, Д бағандары Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас кеден басқармасының 93.9.07 бұйрығымен бекітілген кедендік жүк декларациясын толтырудың тәртібі туралы Нұсқауға (бұдан әрі - КЖД толтыру бойынша Нұсқау) сәйкес толтырады.

1, 9, 22, 28, 44, 45 бағандарын толтырудың төмендегідей ерекшеліктері бар:

1 баған. "Декларацияның сыныбы"

Бағанның бірінші бөлімшесінде "ИМ" деп жазылып көрсетіледі.

Екінші бөлімшеде КЖД толтыру бойынша Нұсқауға N 8 Қосымшада келтірілген кеден режимдерінің Жіктемесіне сәйкес кеден режимінің екі таңбалы коды көрсетіледі.

9 баған. "Қаржыны реттеуге жауапты адам"

Бағанда тауарларды өткізетін адамның аты-жөні және мекен-жайы

көрсетіледі. Жеке тұлғаларға қатысты бағанда сол адамның аты-жөні, мекен-жайы және жеке басын куәлендіретін құжат туралы мәліметтер көрсетіледі.

Бағанның төменгі бөлігінде "N" деген таңбадан кейін КЖД толтыру бойынша Нұсқауға N 13 Қосымшада келтірілген фирмалардың кодтары мен атауларының Жіктемесіне сәйкес код нөмірі көрсетіледі.

22 баған "Валюта және тауардың жалпы фактуралық құны"

Бағанның сол жақтағы бөлімшесінде КЖД толтыру бойынша Нұсқауға N 5 Қосымшадағы "Валюталардың жалпы Жіктемесіне" сәйкес шот валютасының кодь көрсетіледі.

28 баған "Қаржы және банкілік мәліметтер"

Бағанда (деректемелердің әрқайсысы жаңа жолдан басталады және әрқайсысының алдына реттік нөмірі қойылып):

1 - экспортердің есеп айыру және валюталық шоттарының, БАА нөмірі, банк коды;

2 - банктің толық атауы, орналасқан жері көрсетіледі.

44 баған. "Қосымша ақпарат берілетін құжаттар"

Жоюдың кедендік режимі туралы Ереженің 3.5. тармағында көзделген жағдайларда бағанада 6 цифрмен экологиялық бақылау саласында арнайы уәкілдігі бар органның атауы көрсетіліп, осындай органның берген рұқсатының нөмірі мен күні көрсетіледі.

45 баған. "Кедендік құн"

Бағанда 31 бағанда мәлімделінетін тауарлардың кедендік құны АҚШ долларымен көрсетіледі.

Егер кедендік құнның бөлшек бірліктері бар болса, онда құн дөңгелектеу ережелері бойынша бүтінге дейін дөңгелектелінеді.

